| «ҚАЗАҚСТАН-РЕСЕЙ МЕДИЦИНАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» МЕББМ | КРМУ | НУО «КАЗАХСТАНСКО-РОССИЙСКИЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ» |
|---|---|---|

**Бекітілді / Утверждено**
**Ғылыми кеңес шешімімен /**
**Решением Ученого совета**
**«_29_» ___08___ 2025 ж/г.**
**№_1_ хаттамасы/ протокол**

**К-02-05-01-05-03**

# Академиялық адалдық кодексі / Кодекс академической честности

| Әзірледі / Разработала | | |
|---|---|---|
| Аудит және стратегиялық даму департаментінің жетекші маманы / Ведущий специалист департамента аудита и стратического развития | (колы / подпись) | М. Алимбетова |

Басылым 02 / Издание 02
Алматы, 2025

# Мазмұны /Содержание

| № | | Бет / стр. |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 3 |
| 2 | Академиялық адалдық принциптері | 4 |
| 3 | Академиялық адалдықты бұзу түрлері | 5 |
| 4 | Тәртіптік ықпал ету шаралары | 6 |
| 5 | Тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану тәртібі | 6 |
| 6 | Академиялық адалдықты бұзушылықтарды қарау тәртібі және оларды есепке алу жүйесі | 7 |
| 7 | Академиялық адалдықтың бұзылуын анықтау | 8 |
| 8 | Академиялық адалдықты бұзушылықтарды тіркеу және есепке алу | 8 |
| 9 | Академиялық адалдықты бұзу жағдайларын қарау | 9 |
| 10 | Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері | 10 |
| 11 | Білім беру процесіне қатысушылардың жауапкершілігі | 11 |
| | | |
| 1 | Общие положения | 12 |
| 2 | Принципы академической честности | 13 |
| 3 | Виды нарушений академической честности | 14 |
| 4 | Меры дисциплинарного воздействия | 15 |
| 5 | Порядок применения мер дисциплинарного воздействие | 15 |
| 6 | Порядок рассмотрения нарушений академической честности и система их учета | 16 |
| 7 | Выявление нарушений академической честности | 17 |
| 8 | Фиксация и регистрация нарушений академической честности | 18 |
| 9 | Рассмотрение случаев нарушений академической честности | 18 |
| 10 | Права и обязанности участников образовательного процесса | 19 |
| 11 | Ответственность участников образовательного процесса | 20 |
| 12 | Қосымша /Приложение | 22 |
| | Танысу парағы/Лист ознакомления | 25 |
| | Келісу парағы / Лист согласования | 26 |

# 1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақстан-Ресей медициналық университеті» МЕББМ-нің Академиялық адалдық кодексі (бұдан әрі – Кодекс) академиялық адалдық саясатын іске асырудың негізгі ұғымдарын, қағидаттарын, тәртібі мен шарттарын айқындау, сондай-ақ білім беру процесіне қатысушылардың барлық білім беру деңгейлерінде академиялық саясаттың стандарттары мен нормаларын сақтауын қамтамасыз ету мақсатында әзірленді.

1.2. Осы Кодекс Университеттің ішкі нормативтік актісі болып табылады және білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, Университет қызметкерлері және білім беру процесіне қатысатын өзге де тұлғалар (бұдан әрі – білім беру процесіне қатысушылар) үшін міндетті болып табылады.

1.3. Кодекс академиялық адалдықтың негізгі ұғымдары мен қағидаттарын белгілейді, академиялық адалдықты бұзу түрлерін айқындайды, бұзушылықтарды анықтау, тіркеу, есепке алу және қарау тәртібін реттейді, тәртіптік ықпал ету шараларын белгілейді, сондай-ақ бұзушылықтарды есепке алу жүйесін айқындайды.

1.4. Нормативтік сілтемелер:*)

1.4.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Білім туралы», «Ғылым және ғылыми-техникалық саясат туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары.

1.4.2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрықтары, сондай-ақ жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласын реттейтін Қазақстан Республикасының өзге де қолданыстағы нормативтік құқықтық актілері.

1.4.3. Университет Жарғысы.

1.4.4. Университеттің Академиялық саясаты.

1.4.5. Университеттің Ішкі тәртіп қағидалары.

1.4.6. Университет басшылығының бұйрықтары мен өкімдері, сондай-ақ Университеттің өзге де ішкі және сыртқы құжаттары.

1.4.7. Университеттің қызметін реттейтін жұмыс берушінің өзге де актілері.

1.4.8. Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары (ESG), сондай-ақ Университеттің ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесінің құжаттары.

**) Егер сілтемеде құжаттың күні көрсетілген нұсқасы болса, онда тек осы нұсқа қолданылады. Күні көрсетілмеген сілтемелер үшін сілтеме құжатының соңғы жарамды нұсқасы (кез келген түзетулерді қоса) қолданылады.*

1.5. Терминдер мен анықтамалар

Осы Кодексте мынадай терминдер және олардың анықтамалары қолданылады:

| Терминдер | Анықтамалар |
|---|---|
| Академиялық адалдық | білім беру процесіне қатысушылардың оқу, ғылыми және өзге де академиялық қызметті адал орындауын қамтамасыз ететін, плагиатқа, жалғандыққа, көшіруге және академиялық алдаудың өзге де түрлеріне жол бермеуді, сондай-ақ ақпарат көздерін міндетті түрде дұрыс көрсетуді көздейтін моральдық-этикалық қағидаттар мен мінез-құлық нормаларының жиынтығы |
| Академиялық мәселелер | бағалау, академиялық адалдық, оқу процесін ұйымдастыру, емтихандар, қайта тапсыру, ауыстыру, қайта қабылдау және оқудың өзге де аспектілеріне байланысты мәселелер |
| Академиялық адалдықты бұзу | білім беру процесіне қатысушының негізсіз академиялық артықшылық алуға немесе академиялық қызмет нәтижелерін бұрмалауға бағытталған кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі |
| Білім алушы | білім беру бағдарламасын меңгеріп жатқан тұлға (студент, интерн, резидент-дәрігер, магистрант, докторант, қосымша білім беру тыңдаушысы) |
| Плагиат | өзгенің еңбегінің нәтижелерін, идеяларын қасақана немесе абайсызда иемдену, оның ішінде тапсырмалар, презентациялар, тезистер немесе ғылыми мақалаларды тиісті дереккөздерді көрсетпей, толық немесе ішінара басқа тұлға(лар) орындаған жұмысты өз жұмысы ретінде ұсыну |
| Бағаланатын жұмыс | нәтижелері бағалауға жататын кез келген тапсырма немесе бақылау түрі |
| Бағаланбайтын жұмыс | білім алушының оқу, шығармашылық мақсаттарда орындайтын, педагог қызметкерлер және оларға теңестірілген тұлғалар тарапынан бағаланбайтын жұмысы (мақалалар, жобалық жұмыстар, презентациялар, бейне және аудиоматериалдар, қол еңбегі өнімдері және т.б.) |
| Білім беру процесі | білім беру бағдарламаларын іске асыру шеңберіндегі оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми және тәрбиелік қызметтің жиынтығы |
| Проктор | межелік, аралық және қорытынды бақылауды өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды жүзеге асыратын тұлға |
| Білім беру процесіне қатысушылар | білім алушылар, профессор-оқытушылар құрамы, Университет қызметкерлері |

## 2. Академиялық адалдық принциптері

Академиялық адалдық келесі принциптерге негізделген:

*2.1. Адалдық* – білім алушылардың бағаланатын және бағаланбайтын жұмыстарды адал және саналы түрде орындауы; автордың және оның заңды мұрагерлерінің құқықтарын қорғауды жүзеге асыру - біреудің сөзін, ойларын дұрыс жеткізу және бағаланатын жұмыстарда ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлық құқық объектісі болып табылатын туындылардың авторлығы мен қорғалуын тану.

*2.2. Ашықтық* - ашықтық, өзара сенім, білім алушылар мен оқытушылар арасында ақпарат пен идеялардың ашық алмасуы.

*2.3. Білім алушылардың құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу*- білім алушылардың пікірлері мен идеяларын еркін білдіру құқығы.

*2.4. Теңдік* - әрбір білім алушының академиялық адалдық ережелерін сақтау міндеті және оларды бұзғаны үшін тең жауапкершілік.

*2.5. Сенім* - процестің барлық қатысушылары арасында өзара сенім атмосферасын құру.

*2.6. Әділдік* - университеттің академиялық қоғамдастығы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін мүлтіксіз сақтауды қамтамасыз ету, сондай-ақ академиялық адалдықтың бұзылуын әділ қарау.

*2.7. Жауапкершілік* - академиялық адалдықты бұзудың салдарын түсіну және белгіленген ережелерді сақтауға дайын болу.

*2.8. Сыйластық* - басқа адамдардың зияткерлік үлесін тану және басқа біреудің еңбек нәтижелерін беруге жол бермеу.

*2.9. Батылдық* - тіпті қысым кезінде де адалдық принциптерін сақтау қаблеті.

*2.10. Академиялық адалдықтың бұзылуына мүлдем төзбеушілік* - академиялық адалдықтың әрбір бұзылуын белгілеу және қарау және Кодекске сәйкес бұзушыларға қатысты шаралар қолдану.

**3. Академиялық адалдықты бұзу түрлері**

Осы Кодекспен академиялық адалдықты бұзудың мынадай түрлері белгіленеді, олардың тізбесі толық болып табылмайды:

*3.1. Плагиат.* Бөтен мәтіндерді, идеяларды, деректерді, бейнелерді, бағдарламалық кодты және өзге де материалдарды тиісті дереккөзді көрсетпей пайдалану, оның ішінде: дәйексөз келтірмей тікелей көшіру; сілтемесіз қайта баяндау (парафраз); аударылған мәтінді дереккөзін көрсетпей пайдалану; басқа тұлға орындаған жұмысты өз атынан ұсыну; жұмыстарды жазуға арналған сервистерді пайдалану.

*3.2. Автоплагиат.* Өз материалдарын, нақты және сандық деректерін өзіне және (немесе) өз дәйексөздерінің дереккөзіне сілтеме жасамай пайдалану.

*3.3. Көшіру.* Бағаланатын жұмыстарды орындау кезінде тыйым салынған материалдарды, құрылғыларды немесе үшінші тұлғалардың көмегін пайдалану, сондай-ақ емтихан немесе кез келген бағаланатын тапсырма барысында білім алушыға әділетсіз артықшылық беретін кез келген өзге де әрекеттер.

*3.4. Фальсификация.* Жалған деректерді, қолдан жасалған құжаттарды ұсыну немесе академиялық ақпаратты бұрмалау.

*3.5. Негізсіз академиялық артықшылық алу.* Бағалау кезінде әділетсіз жағдайлар туғызатын кез келген әрекеттер; бұрын бағаланған жұмысты қайта ұсыну/тапсыру; баллды арттыру мақсатында бір жұмысты бірнеше рет бағалауға ұсыну.

*3.6. Сөз байласу.* Белгіленген бағалау қағидаларын айналып өтуге бағытталған бірлескен әрекеттер, бағаланатын жұмыстардың жауаптарын беру.

*3.7. Сыбайлас жемқорлық әрекеттері.* Академиялық артықшылық алу мақсатында пара беру, бопсалау, сыйақы ұсыну.

*3.8. Рұқсатсыз қол жеткізу.* Емтихан немесе ақпараттық материалдарға заңсыз қол жеткізу.

*3.9. Адал емес мінез-құлықтың өзге де нысандары.* Университеттің академиялық беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер.

**4. Тәртіптік ықпал ету шаралары**

4.1. Академиялық адалдықты бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және университеттің ішкі нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады.

4.2. Білім алушыларға мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

4.2.1. Ескерту (ауызша немесе жазбаша).

4.2.2. Сөгіс.

4.2.3. Сөгіс немесе қатаң сөгіс.

4.2.4. Жұмыс нәтижелерін жою.

4.2.5. Бақылауды қайта тапсыру.

4.2.6. Академиялық жеңілдіктерден айыру (бар болса).

4.2.7. Университеттен шығару — өрескел немесе қайталама бұзушылықтар жағдайында.

4.3. Педагогикалық және өзге де қызметкерлерге шаралар Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қолданылады.

4.4. Кәмелетке толмаған білім алушыларға қатысты тәртіптік жазаның қолданылуы туралы ақпарат белгіленген тәртіппен олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) жеткізіледі.

4.5. Шешім объективтілік, пропорционалдылық және адамның түсініктеме беру құқығы қағидаттарын ескере отырып қабылданады.

4.6. Өзіне қатысты тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылған адам қабылданған шешімге белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

**5. Тәртіптік ықпал ету шараларын қолдану тәртібі**

5.1. Тәртіптік ықпал ету шарасын айқындау кезінде мыналар ескеріледі:

5.1.1. Бұзушылықтың сипаты мен ауырлығы.

5.1.2. Бақылау нысаны және тапсырманың маңыздылығы.

5.1.3. Қасақаналықтың болуы.

5.1.4. Бұзушылықтың қайталануы.

5.1.5. Білім беру процесіне келтірілген салдарлар.

5.1.6. Жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар. Әрбір нақты жағдайда әділ және тиісінше шешім қабылдауды қамтамасыз ету үшін кез келген жеңілдететін, ауырлататын немесе еңсерілмейтін мән-жайлар, оның ішінде жауапкердің бұзушылық салдарын түсінуін көрсетуі ескеріледі.

5.2. Бұзушылықтар мынадай жағдайларда анықталуы мүмкін:

5.2.1. Оқу процесі барысында (аралық аттестаттау/емтихан сессиясы кезінде).

5.2.2. Ағымдағы, межелік және қорытынды бақылау жүргізу кезінде.

5.2.3. Бітіру жұмыстары қорғау кезінде.

5.2.4. Ғылыми-зерттеу жұмысын орындау кезінде.

5.2.5. Конкурстық рәсімдерді өткізу кезінде.

5.3. Тәртіптік ықпал ету шарасы бұзушылықтың сипатына сай болуы және алдын алу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс.

## 6. Академиялық адалдықты бұзушылықтарды қарау тәртібі және оларды есепке алу жүйесі

*6.1. Академиялық адалдықты бұзушылықтарды қарау тәртібі*

6.1.1. Академиялық адалдықты бұзушылықтарды қарау тәртібі (бұдан әрі-тәртіп) академиялық адалдықты бұзу жағдайларын анықтаудың, есепке алудың, тіркеудің және қараудың ұйымдастырушылық және рәсімдік негіздерін айқындайды.

6.1.2. Тәртін заңдылық, объективтілік, әділдік, құжаттамалық бекіту және білім беру процесіне қатысушылардың құқықтарын құрметтеу қағидаттарына негізделеді.

6.1.3. Тәртіп барлық білім алушылар, педагог қызметкерлер және университеттің өзге де қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.

6.1.4. Академиялық адалдықты бұзудың әрбір жағдайын қарау ұсынылған материалдарды жан-жақты және объективті талдау негізінде жеке жүзеге асырылады.

6.1.5. Бұзушылықты қараудың барлық кезеңдері міндетті түрде құжаттамалық ресімдеуге жатады.

6.1.6. Құжаттамалық ресімдеу актілерді, қызметтік жазбаларды, түсініктеме жазбаларды, отырыс хаттамаларын және Университеттің ішкі нормативтік актілерінде көзделген өзге де құжаттарды жасауды қамтиды.

6.1.7. Құжатпен расталған материалдардың болуы бұзушылық жағдайын тіркеу және тиісті шешім қабылдау үшін міндетті шарт болып табылады.

6.1.8. Тәртіп тиімділігінің мониторингі бұзушылықтардың тіркелген жағдайларын талдау және олардың сипаты мен санының динамикасын бағалау арқылы жүзеге асырылады.

*6.2. Академиялық адалдықтың бұзылуын есепке алу*

6.2.1. Бұзушылықтарды есепке алу академиялық адалдық қағидаттарының сақталуын жүйелі бақылауды қамтамасыз ету және қолданылатын шаралардың тиімділігін талдау мақсатында жүзеге асырылады.

6.2.2. Есепке алу барлық анықталған және қаралған бұзушылықтар туралы мәліметтерді орталықтандырылған тіркеуді, жүйелеуді және сақтауды білдіреді.

6.2.3. Бұзушылықтарды есепке алуды факультет деканаттары тіркелген материалдар мен қабылданған шешімдер негізінде жүргізеді.

6.2.4. Есепке алу туралы мәліметтер кіреді:

- бұзушылықты анықтау күні;
- тәртіп және бақылау нысаны;
- бұзушылық түрі;
- қарау нәтижелері;
- қолданылған тәртіптік ықпал ету шаралары.

*6.3. Академиялық адалдықты бақылау базасы*

6.3.1. Академиялық адалдықты бақылау базасы бұзушылықтарды анықтау, тіркеу, тіркеу және қарау рәсімдерінің қадағалануын қамтамасыз ететін құжаттар мен тізілімдердің жиынтығы болып табылады.

6.3.2. Бақылау базасы анықталған бұзушылықтарды есепке алудың толықтығын, дұрыстығын және жүйелілігін қамтамасыз ету мақсатында қалыптастырылады.

6.3.3. Бақылау базасының құжаттары Қазақстан Республикасының дербес деректерді және университеттің ішкі құжат айналымын қорғау туралы заңнамасының талаптарын сақтай отырып, белгіленген тәртіппен сақталуға және пайдалануға жатады.

**7. Академиялық адалдықтың бұзылуын анықтау**

7.1. Академиялық адалдықтың бұзылуын анықтау негізсіз академиялық артықшылықтар алуға бағытталған іс-әрекеттің белгілерін анықтау процесі болып табылады.

7.2. Анықтау білім беру процесінің барысында білімге ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау жүргізу, жазбаша, практикалық, ғылыми және өзге де жұмыс түрлерін орындау кезінде жүзеге асырылады.

7.3. Бұзушылықты анықтаудың негізі осы Кодекстің талаптарына қайшы келетін іс-әрекеттердің нақты дәлелдері болып табылады.

7.4. Бұзушылықтарды анықтау мынадай тұлғалармен жүзеге асырылады:

7.4.1. Оқытушылармен.

7.4.2. Тестілеу орталығының қызметкерлерімен.

7.4.3. Факультет деканаттарымен.

7.4.4. Университеттің өзге де уәкілетті құрылымдық бөлімшелерімен.

7.5. Бұзушылық белгілерін анықтаған тұлғалар мән-жайларды тіркеудің объективтілігін, дұрыстығын және корректілігін қамтамасыз етуге міндетті.

7.6. Бұзушылық белгілерін анықтау тәртіптік шараларды автоматты түрде қолдануға әкеп соқпайды және жағдайды кейіннен тіркеу мен есепке алу үшін негіз болып табылады.

**8. Академиялық адалдықты бұзушылықтарды тіркеу және есепке алу**

8.1. Академиялық адалдықты бұзушылықтарды тіркеу және тесепке алу ішкі нормативтік актілерде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

8.2. Бұзушылықты тіркеу бұзушылықты анықтаған тұлғаның академиялық адалдықсыздық белгілерінің бар екенін растайтын материалдарды құжаттауын қамтиды.

8.3. Бұзушылық фактілері бойынша құжаттар Университеттің ақпараттық жүйесін («Student Hub» порталы) пайдалана отырып қалыптастырылады және электрондық түрде сақталады.

8.4. Жүйеде сақтауға жататындар:

8.4.1. Бұзушылықтарды анықтау туралы актілер.

8.4.2. Білім алушылардың түсіндірме жазбалары.

8.4.3. Қызметтік жазбалар.

8.4.4. Растайтын материалдар мен дәлелдемелер.

8.4.5. Уәкілетті органдардың шешімдері.

8.5. Материалдарға қол жеткізу дербес деректерді қорғау туралы заңнаманың талаптарын сақтай отырып, қызметтік қажеттілік шегінде жүзеге асырылады.

*8.6. Бұзушылықтарды тіркеу тәртібі*

8.6.1. Академиялық адалдықтың бұзылу белгілері анықталған кезде оқытушы, тест-орталықтың қызметкері немесе уәкілетті тұлға актіні немесе қызметтік жазбаны ресімдейді.

8.6.2. Құжат мән-жайлардың сипаттамасын, күнін, тәртібін, білім алушы туралы мәліметтерді және өзге де маңызды деректерді қамтуы тиіс.

8.6.3. Материалдарға жұмыстардың көшірмелері, тексеру нәтижелері, тестілеудің басып шығарулары және өзге де дәлелдемелер қоса берілуі мүмкін.

8.6.4. Қажет болған жағдайда құжаттарға жұмыстардың көшірмелерін, тестілеу нәтижелерінің басып шығаруларын немесе өзге де дәлелдемелерді қоса алғанда, бұзушылық фактісін растайтын қосымша материалдар қоса берілуі мүмкін.

*8.7. Тіркеу тәртібі*

8.7.1. Материалдар факультет деканатына ресми тіркелу үшін беріледі.

8.7.2. Тіркеу мыналарды қамтиды:

- тіркеу нөмірін беру;
- түскен күнін белгілеу;
- бұзушылықтың түрін көрсету;
- істі қалыптастыру.

8.7.3. Тіркеу істі одан әрі қараудың міндетті шарты болып табылады

## 9. Академиялық адалдықты бұзу жағдайларын қарау

9.1. Академиялық адалдықты бұзу жағдайларын қарау объективтілік, бейтараптық және заңдылық қағидаттарын сақтай отырып, бұзушылық фактісін, оның сипаты мен ауырлық дәрежесін анықтау мақсатында білім алушының тіркелген материалдары мен түсіндірмелері негізінде жүзеге асырылады.

9.2. Академиялық адалдық қағидаттарын сақтау мәселелерін, сондай-ақ білім беру процесінің ұйымдастырылуына, сапасына және білім алушылардың академиялық үлгеріміне байланысты мәселелерді қарау факультет кеңесі туралы Ережеге (PL-03-12-07-03) сәйкес жүзеге асырылады.

9.3. Бағалауға, академиялық адалдыққа, оқу процесін ұйымдастыруға, емтихандарға, қайта тапсыруға (оның ішінде аралық және қорытынды аттестаттау нәтижелерін қайта қарауға), ауыстыруға, қалпына келтіруге және оқытудың өзге де аспектілеріне байланысты академиялық мәселелерді қарау апелляция туралы Ережеге (PL-03-12-07-02) сәйкес жүзеге асырылады.

9.4. Университеттің білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға бағытталған өтініштерді, сондай-ақ олардың тарапынан тәртіптік бұзушылықтар мәселелерін қарау өтініштер мен

шағымдарды қарау қағидаларына (PR-02-05-01-05-01) сәйкес жүзеге асырылады.

9.5. Академиялық адалдықтың үш және одан да көп тіркелген бұзушылықтары анықталған жағдайда, бір оқу жылы ішінде күшейтілген тәртіптік шараларды қолдану туралы шешім қабылдау үшін материалдар факультет кеңесінің отырысына ұсынылады.

**10. Білім беру процесіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері**

*10.1. Білім алушылардың құқықтары:*

10.1.1. Оқу процесі барысында өз пікірін еркін білдіруге.

10.1.2. Осы Кодексті бұзды деген негізсіз айыптаулардан қорғалуға, түсініктемелер мен дәлелдер ұсынуға.

10.1.3. Осы Кодекстің мәтінімен танысуға және оны бұзудың салдары туралы ақпарат алуға.

10.1.4. Академиялық адалдықты бұзу ықтималдығы бар жағдайларды әділ, объективті және ашық қарастыруға.

10.1.5. Университет қызметкерлері мен білім алушылар тарапынан құрметпен қаралуға.

*10.2. Білім алушылардың міндеттері:*

10.2.1. Академиялық адалдықтың нормалары мен қағидаларын қатаң сақтауға.

10.2.2. Оқу және ғылыми жұмыстардың барлық түрлерін орындау кезінде адал болуға.

10.2.3. Әділетсіз артықшылықтарға жол бермеуге, оның ішінде көшіру, плагиат немесе өзге де адал емес әрекеттер арқылы.

10.2.4. Академиялық бұзушылықтардың алдын алуға және олардан аулақ болуға, сондай-ақ өзіне белгілі болған бұзушылық фактілері туралы белгіленген тәртіппен хабарлауға.

10.2.5. Осы Кодекстің ережелерін білмеу жауапкершіліктен босатпайтынын түсінуге.

*10.3. Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының құқықтары:*

10.3.1. Лауазымдық міндеттерін орындау кезінде осы Кодекстің ережелеріне сүйенуге.

10.3.2. Академиялық адалдықты бұзу фактілерін белгіленген тәртіппен қарауды бастамашылық етуге.

*10.4. Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамының міндеттері:*

10.4.1. Кәсіби қызметінде академиялық адалдық қағидаларын басшылыққа алуға.

10.4.2. Білім алушыларды осы Кодекстің талаптары, сондай-ақ білімді бағалау саясаты мен рәсімдері туралы хабардар етуге.

10.4.3. Академиялық адал еместік көріністерін анықтауға, алдын алуға және жолын кесуге.

10.4.4. Бақылау іс-шараларын өткізер алдында академиялық адалдықты сақтау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуге.

10.4.5. Осы Кодекс шеңберінде білім алушыларға олардың құқықтары мен міндеттері бойынша кеңес беруге.

10.4.6. Осы Кодексті бұзу жағдайларының есебін жүргізуге.

10.4.7. Анықталған бұзушылықтар туралы Университет басшылығын белгіленген тәртіппен хабардар етуге.

10.4.8. Бұзушылық фактілері туралы адал хабарлағаны үшін білім алушыларды қудалаудан, кемсітуден немесе өзге де теріс салдарлардан қорғауды қамтамасыз етуге.

**11. Білім беру процесіне қатысушылардың жауапкершілігі**

11.1. Білім алушылар осы Кодекске және университеттің жергілікті актілеріне сәйкес Академиялық адалдық нормаларын бұзғаны үшін оқудан шығарылғанға дейін тәртіптік жауапкершілікке тартылады.

11.2. Құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлері мен профессор-оқытушылар құрамы академиялық адалдық қағидаларын сақтауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін еңбек заңнамасына және Университеттің жергілікті актілеріне сәйкес жауапкершілікке тартылады.

11.3. Университеттің оқытушысы немесе қызметкері тарапынан академиялық адалдық нормаларын бұзу фактісі анықталған жағдайда материалдар Университеттің тәртіптік комиссиясының қарауына беріледі. Қарау нәтижелері бойынша кінәлі тұлғаға Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және Университеттің жергілікті нормативтік актілеріне сәйкес тәртіптік ықпал ету шаралары қолданылады, еңбек шартын бұзуға дейін.

**1. Общие положения**

1.1. Кодекс академической честности НУО «Казахстанско-Российский медицинский университет» (далее – Кодекс) разработан в целях определения основных понятий, принципов, порядка и условий реализации политики академической честности, а также обеспечения соблюдения участниками образовательного процесса стандартов и норм академической политики на всех уровнях образования.

1.2. Настоящий Кодекс является внутренним нормативным актом Университета и обязателен для исполнения всеми обучающимися, профессорско-преподавательским составом (далее – ППС), работниками Университета, а также иными лицами, участвующими в образовательном процессе (далее – участники образовательного процесса).

1.3. Кодекс устанавливает основные понятия и принципы академической честности, определяет виды её нарушений, регулирует порядок их выявления, фиксации, регистрации и рассмотрения, устанавливает меры дисциплинарного воздействия, а также определяет систему учёта нарушений.

1.4. Нормативные ссылки*):

1.4.1. Конституция Республики Казахстан, Кодекс Республики Казахстан «О здоровье народа и системе здравоохранения», Закон Республики Казахстан «Об образовании», Закон Республики Казахстан «О науке и технологической политике», Закон Республики Казахстан «О противодействии коррупции».

1.4.2. Приказы Министерство науки и высшего образования Республики Казахстан, Министерство здравоохранения Республики Казахстан, а также иные действующие нормативные правовые акты Республики Казахстан, регулирующие сферу здравоохранения, высшего и послевузовского образования.

1.4.3. Устав Университета.

1.4.4. Академическая политика Университета.

1.4.5. Правила внутреннего распорядка Университета.

1.4.6. Приказы и распоряжения руководства Университета, а также иные внутренние и внешние документы Университета.

1.4.7. Иные акты работодателя, регулирующие деятельность университета.

1.4.8. Стандарты и руководства по обеспечению качества в Европейском пространстве высшего образования (ESG), а также документы системы внутреннего обеспечения качества Университета.

*) *Если в ссылке указана датированная версия документа, то применяется только эта версия. Для недатированных ссылок применимой является последняя действующая версия ссылочного документа (включая любые поправки).*

1.5. Термины и определения.

В Кодексе применяются следующие термины и их определения:

| Термины | Определения |
|---|---|
| 1 | 2 |
| Академическая честность | совокупность морально-этических принципов и норм поведения участников образовательного процесса, обеспечивающих добросовестное выполнение учебной, научной и иной академической деятельности, недопустимость плагиата, фальсификации, списывания и иных форм академического обмана, а также обязательное корректное указание источников информации. |
| Академические вопросы | вопросы, связанные с оцениванием, академической честностью, организацией учебного процесса, экзаменами, пересдачами, переводом, восстановлением и иными аспектами обучения |
| Нарушение академической честности | любое действие или бездействие участника образовательного процесса, направленное на получение необоснованного академического преимущества либо искажение результатов академической деятельности. |
| Обучающийся | лицо, осваивающее образовательную программу (студент, интерн, врач-резидент, магистрант, докторант, слушатель дополнительного образования). |
| Плагиат | умышленное или неосторожное присвоение себе результатов чужой работы, идеи, что включает задание, презентации, тезисы или научные статьи, представленные в качестве собственной работы, без надлежащего указания источников, которые на самом деле полностью или частично были выполнены другим лицом/другими лицами. |
| Оцениваемая работа | любое задание или вид контроля, результаты которого подлежат оцениванию. |
| Неоцениваемая работа | работа, выполняемая обучающимся в учебных, творческих целях, не подлежащая оцениванию педагогическими работниками и приравненными к ним лицами (статьи, проектные работы, презентации, видео- и аудиоматериалы, продукты ручного труда и т.д.). |
| Образовательный процесс | совокупность учебной, учебно-методической, научной и воспитательной деятельности в рамках реализации образовательных программ. |
| Проктор | лицо, осуществляющее контроль за соблюдением правил проведения рубежного, промежуточного и итогового контроля. |
| Участники образовательного процесса | обучающиеся, профессорско-преподавательский состав, работники Университета. |

**2. Принципы академической честности**

Академическая честность основывается на следующих принципах:

*2.1. Добросовестность* – это честное и добросовестное выполнение обучающимися оцениваемых и неоцениваемых работ; Осуществление охраны прав автора и его правоприемников – признание авторства и охраны произведений, являющихся объектом авторского права, посредством правильной передачи чужой речи, мыслей и указания источников информации в оцениваемых работах.

*2.2. Открытость* – прозрачность, взаимное доверие, открытый обмен информациями и идеями между обучающимися и преподавателями.

*2.3. Уважение прав и свободы обучающихся* – право свободного выражения мнений и идеи обучающихся;

*2.4. Равенство* – обязанность каждого обучающегося соблюдать правила академической честности и равная ответственность за их нарушение.

*2.5. Доверие* - создание атмосферы взаимного доверия между всеми участниками процесса.

*2.6. Справедливость* — обеспечение неукоснительного соблюдения прав и обязанностей членов академического сообщества Университета, а также справедливое рассмотрение нарушений академической честности.

*2.7. Ответственность* — осознание последствий нарушений академической честности и готовность соблюдать установленные правила.

*2.8. Уважение* – признание интеллектуального вклада других лиц и недопустимость присвоения результатов чужого труда.

*2.9. Смелость* - способность отстаивать принципы честности, даже под давлением.

*2.10. Нулевая терпимость к нарушениям академической честности* - фиксирование и рассмотрение каждого нарушения академической честности и принятие мер в отношении нарушивших меры в соответствии с Кодексом.

**3. Виды нарушений академической честности**

Настоящим Кодексом устанавливаются следующие виды нарушений академической честности, перечень которых не является исчерпывающим:

*3.1. Плагиат.* Использование чужих текстов, идей, данных, изображений, программного кода и иных материалов без надлежащего указания источника, включая прямое копирование без цитирования, перефразирование без ссылки, использование переведённого текста без указания источника, представление работы, выполненной другим лицом, а также использование сервисов по написанию работ.

*3.2. Автоплагиат.* Использование собственного материала, фактических и цифровых данных без ссылки на самого себя и (или) на источник собственных цитат.

*3.3. Списывание.* Использование запрещенных материалов, устройств или помощи третьих лиц при выполнении оцениваемых работ, а также любое

другое действие, которое дает обучающемуся несправедливое преимущество на экзамене или на любом оцениваемом задании.

3.4. *Фальсификация.* Представление ложных данных, поддельных документов либо искажение академической информации.

3.5. *Получение необоснованного академического преимущества.* Любые действия, создающие несправедливые условия при оценивании. Повторное предоставление / сдача уже оцененной работы. Представление одной и той же работы для оценки более одного раза с целью повышения баллов.

3.6. *Сговор.* Совместные действия, направленные на обход установленных правил оценивания, передача ответов оцениваемых работ.

3.7. *Коррупционные действия.* Подкуп, вымогательство, предложение вознаграждения в целях получения академического преимущества.

3.8. *Несанкционированный доступ.* Неправомерное получение доступа к экзаменационным или информационным материалам.

3.9. *Иные формы недобросовестного поведения.* Действия, наносящие ущерб академической репутации Университета.

**4. Меры дисциплинарного воздействия**

4.1. За нарушение академической честности применяются меры дисциплинарного воздействия в соответствии с законодательством Республики Казахстан и внутренними нормативными актами Университета.

4.2. К обучающимся могут применяться следующие меры:

4.2.1. Замечание (устное или письменное).

4.2.2. Предупреждение.

4.2.3. Выговор или строгий выговор.

4.2.4. Аннулирование результатов работы.

4.2.5. Повторная сдача контроля.

4.2.6. Лишение академических льгот (при наличии).

4.2.7. Отчисление из Университета — в случаях грубых или повторных нарушений.

4.3. К педагогическим и иным работникам меры применяются в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан.

4.4. В отношении несовершеннолетних обучающихся информация о применении дисциплинарного взыскания доводится до сведения их родителей (законных представителей) в установленном порядке.

4.5. Решение принимается с учетом принципов объективности, соразмерности и права лица на предоставление объяснений.

4.6. Лицо, в отношении которого применено меры дисциплинарного воздействия, вправе обжаловать принятое решение в установленном порядке.

**5. Порядок применения мер дисциплинарного воздействие**

5.1. При определении меры дисциплинарного воздействия учитываются:

5.1.1. Характер и тяжесть нарушения.

5.1.2. Форма контроля и значимость задания.

5.1.3. Наличие умысла.

5.1.4. Повторность нарушения.

5.1.5. Последствия для образовательного процесса.

5.1.6. Смягчающие или отягчающие обстоятельства. Любые смягчающие, отягчающие или непреодолимые обстоятельства для достижения справедливого и надлежащего разрешения в каждом конкретном случае, включая демонстрацию ответчиком понимания последствий нарушения.

5.2. Нарушения могут быть выявлены:

5.2.1. В ходе учебного процесса (промежуточной аттестации/экзаменационной сессии).

5.2.2. При проведении текущего, рубежного и итогового контроля.

5.2.3. При защите выпускных работ.

5.2.4. При выполнении научно-исследовательской работы.

5.2.5. При проведении конкурсных процедур.

5.3. Мера дисциплинарного воздействия должна быть соразмерной характеру нарушения и обеспечивать достижение профилактических целей.

## 6. Порядок рассмотрения нарушений академической честности и система их учета

*6.1. Порядок рассмотрения нарушений академической честности*

6.1.1. Порядок рассмотрения нарушений академической честности (далее - Порядок) определяет организационные и процедурные основы выявления, фиксации, регистрации и рассмотрения случаев нарушения академической честности.

6.1.2. Порядок основывается на принципах законности, объективности, справедливости, документальной фиксации и соблюдения прав участников образовательного процесса.

6.1.3. Порядок является обязательным для исполнения всеми обучающимися, педагогическими работниками и иными сотрудниками Университета.

6.1.4. Рассмотрение каждого случая нарушения академической честности осуществляется индивидуально, на основе всестороннего и объективного анализа представленных материалов.

6.1.5. Все этапы рассмотрения нарушения подлежат обязательному документальному оформлению.

6.1.6. Документальное оформление включает составление актов, служебных записок, объяснительных записок, протоколов заседаний и иных документов, предусмотренных внутренними нормативными актами Университета.

6.1.7. Наличие документально подтвержденных материалов является обязательным условием для регистрации случая нарушения и принятия соответствующего решения.

6.1.8. Мониторинг эффективности Порядка осуществляется путем анализа зарегистрированных случаев нарушений и оценки динамики их характера и количества.

*6.2. Учет нарушений академической честности*

6.2.1. Учет нарушений осуществляется в целях обеспечения системного контроля соблюдения принципов академической честности и анализа эффективности применяемых мер.

6.2.2. Учет представляет собой централизованную регистрацию, систематизацию и хранение сведений обо всех выявленных и рассмотренных случаях нарушений.

6.2.3. Учет нарушений ведется деканатами факультетов на основании зарегистрированных материалов и принятых решений.

6.2.4. Учет включает сведения о:

- дате выявления нарушения;
- дисциплине и форме контроля;
- виде нарушения;
- результатах рассмотрения;
- примененных мерах дисциплинарного воздействия.

*6.3. База контроля академической честности*

6.3.1. База контроля академической честности представляет собой совокупность документов и реестров, обеспечивающих прослеживаемость процедур выявления, фиксации, регистрации и рассмотрения нарушений.

6.3.2. База контроля формируется в целях обеспечения полноты, достоверности и системности учета выявленных нарушений.

6.3.3. Документы базы контроля подлежат хранению и использованию в установленном порядке с соблюдением требований законодательства Республики Казахстан о защите персональных данных и внутреннего документооборота Университета.

**7. Выявление нарушений академической честности**

7.1. Выявление нарушений академической честности представляет собой процесс установления признаков действий, направленных на получение необоснованных академических преимуществ.

7.2. Выявление осуществляется в ходе образовательного процесса при проведении текущего, рубежного и итогового контроля знаний, выполнении письменных, практических, научных и иных видов работ.

7.3. Основанием для выявления нарушения являются фактические признаки действий, противоречащих требованиям настоящего Кодекса.

7.4. Выявление нарушений осуществляется:

7.4.1. Преподавателями.

7.4.2. Сотрудниками тестового центра.

7.4.3. Деканатами факультетов.

7.4.4. Иными уполномоченными структурными подразделениями Университета.

7.5. Лица, выявившие признаки нарушения, обязаны обеспечить объективность, достоверность и корректность фиксации обстоятельств.

7.6. Выявление признаков нарушения не влечет автоматического применения дисциплинарных мер и служит основанием для последующей фиксации и регистрации случая.

## 8. Фиксация и регистрация нарушений академической честности

8.1. Фиксация и регистрация нарушений академической честности осуществляются в установленном внутренними нормативными актами порядке.

8.2. Фиксация нарушения представляет собой документальное оформление лицом, выявившим нарушение, материалов, подтверждающих наличие признаков академической нечестности.

8.3. Документы по фактам нарушений формируются и хранятся в электронном виде с использованием информационной системы Университета (портал «Student Hub»).

8.4. В системе подлежат хранению:

8.4.1. Акты о выявлении нарушений.

8.4.2. Объяснительные записки обучающихся.

8.4.3. Служебные записки.

8.4.4. Подтверждающие материалы и доказательства.

8.4.5. Решения уполномоченных органов.

8.5. Доступ к материалам осуществляется в пределах служебной необходимости с соблюдением требований законодательства о защите персональных данных.

*8.6. Порядок фиксации нарушений*

8.6.1. При выявлении признаков нарушения академической честности преподаватель, сотрудник тестового-центра или уполномоченное лицо оформляет акт или служебную записку.

8.6.2. Документ должен содержать описание обстоятельств, дату, дисциплину, сведения об обучающемся и иные существенные данные.

8.6.3. К материалам могут прилагаться копии работ, результаты проверки, распечатки тестирования и иные доказательства.

8.6.4. При необходимости к документам могут прилагаться дополнительные материалы, подтверждающие факт нарушения, включая копии работ, распечатки результатов тестирования или иные доказательства.

*8.7. Порядок регистрации*

8.7.1. Материалы передаются в деканат факультета для официальной регистрации.

8.7.2. Регистрация включает:

- присвоение регистрационного номера;
- фиксацию даты поступления;
- указание вида нарушения;
- формирование дела.

8.7.3. Регистрация является обязательным условием для дальнейшего рассмотрения случая.

## 9. Рассмотрение случаев нарушений академической честности

9.1. Рассмотрение случаев нарушений академической честности осуществляется на основании зарегистрированных материалов и объяснений обучающегося с целью установления факта нарушения, его характера и степени тяжести с соблюдением принципов объективности, беспристрастности и законности.

9.2. Рассмотрение вопросов соблюдения принципов академической честности, а также вопросов, связанных с организацией, качеством образовательного процесса и академической успеваемостью обучающихся, осуществляется в соответствии с Положением о Совете факультета (PL-03-12-07-03).

9.3. Рассмотрение академических вопросов, связанных с оцениванием, академической честностью, организацией учебного процесса, экзаменами, пересдачами (в том числе пересмотром результатов промежуточной и итоговой аттестации), переводом, восстановлением и иными аспектами обучения, осуществляется в соответствии с Положением об апелляции (PL-03-12-07-02).

9.4. Рассмотрение обращений, направленных на защиту прав и законных интересов участников образовательного процесса Университета, а также вопросов дисциплинарных нарушений с их стороны осуществляется в соответствии с Правилами рассмотрения обращений и жалоб (PR-02-05-01-05-01).

9.5. В случае выявления трех и более зарегистрированных нарушений академической честности в течение одного учебного года материалы выносятся на заседание Совета факультета для принятия решения о применении усиленных дисциплинарных мер.

## 10. Права и обязанности участников образовательного процесса

*10.1. Обучающиеся имеют право:*

10.1.1. На свободное выражение собственного мнения в процессе обучения.

10.1.2. На защиту от необоснованных обвинений в нарушении настоящего Кодекса, представление объяснений и доказательств.

10.1.3. На ознакомление с текстом настоящего Кодекса и получение информации о последствиях его нарушения.

10.1.4. На справедливое, объективное и прозрачное рассмотрение случаев предполагаемого нарушения академической честности.

10.1.5. На уважительное отношение со стороны работников и обучающихся Университета.

*10.2. Обучающиеся обязаны:*

10.2.1. Строго соблюдать нормы и принципы академической честности.

10.2.2. Быть честными при выполнении всех видов учебной и научной работы.

10.2.3. Не допускать получения несправедливых преимуществ, в том числе путем списывания, плагиата или иного недобросовестного поведения.

10.2.4. Предотвращать и избегать академических нарушений, а также сообщать о ставших им известными фактах нарушений в установленном порядке.

10.2.5. Осознавать, что незнание положений настоящего Кодекса не освобождает от ответственности.

*10.3. Работники структурных подразделений и профессорско-преподавательский состав имеют право:*

10.3.1. Ссылаться на положения настоящего Кодекса при исполнении своих должностных обязанностей.

10.3.2. Инициировать рассмотрение фактов нарушения академической честности в установленном порядке.

*10.4. Работники структурных подразделений и профессорско-преподавательский состав обязаны:*

10.4.1. Руководствоваться принципами академической честности в профессиональной деятельности.

10.4.2. Информировать обучающихся о требованиях настоящего Кодекса, а также о политике и процедурах оценки знаний.

10.4.3. Выявлять, предотвращать и пресекать проявления академической нечестности.

10.4.4. Проводить разъяснительную работу по вопросам соблюдения академической честности перед проведением контрольных мероприятий.

10.4.5. Консультировать обучающихся по вопросам их прав и обязанностей в рамках настоящего Кодекса.

10.4.6. Вести учет выявленных случаев нарушения настоящего Кодекса.

10.4.7. Информировать руководство Университета в установленном порядке о выявленных нарушениях.

10.4.8. Гарантировать обучающимся защиту от преследования, дискриминации или иных негативных последствий за добросовестное сообщение о фактах нарушений.

## 11. Ответственность участников образовательного процесса

11.1. Обучающиеся несут дисциплинарную ответственность за нарушение норм академической честности в соответствии с настоящим Кодексом и локальными актами Университета, вплоть до отчисления.

11.2. Работники структурных подразделений и профессорско-преподавательский состав несут ответственность за ненадлежащее исполнение обязанностей по обеспечению соблюдения принципов академической честности в соответствии с трудовым законодательством и локальными актами Университета.

11.3. В случае установления факта нарушения норм академической честности преподавателем или работником Университета материалы передаются на рассмотрение дисциплинарной комиссии Университета. По

результатам рассмотрения к виновному лицу применяются меры дисциплинарного воздействия в соответствии с трудовым законодательством Республики Казахстан и локальными нормативными актами Университета, вплоть до расторжения трудового договора.

**Қосымша/Приложение**
1-қосымша

## «Академиялық адалдықты бұзу туралы акт» нысаны

***Академиялық адалдықты бұзу туралы акт***
(20___/20___ оқу жылының ________ емтихан сессиясы)

| | |
|---|---|
| Пән/модуль | |
| Оқу қызметінің түрі | |
| Кезекші оқытушының/Университет қызметкерінің Т.А.Ә. | Білім алушының Т.А.Ә. |
| | |
| | Білім беру бағдарламасы: |
| | Курс: |
| | Топ нөмірі: |
| Күні | |
| Аудитория нөмірі | Уақыты |
| | |

Бұзушылықтың сипаттамасы:

| |
|---|
| |
| |
| |
| |
| |

Емтиханға қатысуға уәкілетті тұлғалардың қолдары

| | |
|---|---|
| Т.А.Ә. | Қолы |
| Т.А.Ә. | Қолы |
| Т.А.Ә. | Қолы |
| Т.А.Ә. | Қолы |

Білім алушы

| | |
|---|---|
| Т.А.Ә. | Қолы |
| | |

Актмен таныстырылды

| Лауазымы | Т.А.Ә. | Қолы | Күні |
|---|---|---|---|
| Кафедра меңгерушісі<br>«__________________» | | | |
| Декан / Декан орынбасары<br>«__________________» | | | |

Приложение 1

## Форма «Акт о нарушении академической честности»

## Акт о нарушении академической честности

(________ экзаменационная сессия 20___/20___ учебного года)

| | |
|---|---|
| Дисциплина/модуль: | |
| Вид учебной деятельности: экзамен | |
| Ф.И.О. дежурного преподавателя/работника Университета: | Ф.И.О. обучающегося: |
| | |
| | Образовательная программа: |
| | Курс: |
| | Номер группы: |
| Дата | |
| Номер аудитории | Время |
| Описание нарушения: | |
| Подпись преподавателей/работника Университета, уполномоченных присутствовать на экзамене | |
| ______________________ (ФИО) | ____________ (Подпись) |
| ______________________ (ФИО) | ____________ (Подпись) |
| ______________________ (ФИО) | ____________ (Подпись) |

| | |
|---|---|
| | |
| ФИО обучающегося: | |

С актом ознакомлены:
Зав. кафедрой «______________________________» ________________
(ФИО)
________________ «_____» ___________ 202__г.
(Подпись)

С актом ознакомлены:
Декан/Зам. декана «______________________________»
________________
(ФИО)
________________ «_____» ___________ 202__г.
(Подпись)

# Танысу парағы / Лист ознакомления

| № | Лауазымы/<br>Должность | Аты-жөні/<br>И. Фамилия | Қолы/<br>Подпись | Күні/<br>Дата |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

# Келісу парағы / Лист согласования

| Лауазымы /<br>Должность | Қолы /<br>Подпись | Күні /<br>Дата | Аты-жөні /<br>ФИО |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| Стратегиялық даму жөніндегі проректор / Проректор по стратегическому развитию | | | М. Джайнакбаев |
| Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор / Проректор по академической работе | | | А. Кусаинова |
| Ғылыми және клиникалық жұмыстар жөніндегі проректор/ Проректор по научной и клинической работе | | | А. Сейдалин |
| Цифрлық даму жөніндегі проректор/Проректор по цифровому развитию | | | А. Вдовцев |
| Білім алушылармен жұмыс жасау департаментінің басқарушысы/Руководитель департамента по работе с обучающимися | | | Г. Калиева |
| Оқу-әдістемелік жұмыс департаментінің басқарушысы/Руководитель департамента по учебно-методической работе | | | К. Нургалиева |
| Аудит және стратегиялық даму департаментінің басқарушысы / Руководитель департамента аудита и стратегического развития | | | Ж. Лян |
| Кадр бөлімінің басшысы/ Начальник отдела кадров | | | В. Верёвкина |
| Әкімшілік-құқық бөлімінің басшысы / Начальник административно-правового отдела | | | С. Касимова |